

**«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Сарсенбай Жанат Асылханқызының «Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма және узус»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік</p>	<p>Ақпараттық технологиялардың дамуы қазіргі коммуникация құралдары мен жаһандық өзгерістер әсерінен қалыптасып жатқан жаңа мәдени және тілдік ортаның пайда болуына ықпал етеді. Ал қазақ тілінің ақпараттық кеңістіктегі қатысымдық әлеуетін кеңейту мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі саналады. Осы тұрғыда қазіргі қазақ тілді БАҚ, әлеуметтік желі, кино дискурсының тілін, ондағы норма мен узус мәселелерін коммуникативтік қырынан зерттеу арқылы ұлттық тілдің бүгінгі жай-күйін шынайы анықтау мүмкіндігі туады. Сондықтан Сарсенбай Жанат Асылханқызының «Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибе: норма және узус» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (27.12.2019. №988 қаулы) және Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (31.12.2019 ж. № 1045 қаулы) сәйкес келеді.</p> <p>1) Диссертация «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша ізденушінің жеке бастамасымен және ғылыми кеңесшілері, кафедраның шешімімен орындалған.</p> <p>2) Диссертация мәтінінде басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғаны туралы ақпарат жоқ.</p> <p>3) Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі</p>

		бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы айқындалған. Диссертацияда бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде және қазіргі кино тілінде қолданылатын норма мен узус алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, лингвопрагматикалық тұрғыда жан-жақты сипатталған. Зерттеуші сөйлеу әрекетіндегі норма мен узус мәселесін БАҚ, әлеуметтік желілердегі халыққа кең таралатын бағдарламалар мен қазіргі кино тілі негізінде саралаған. Ауызша (жазбаша) сөйлеу үдерісіндегі узустық құбылыстардың орын алу себептерін айқындап, оларды жүйелеп көрсеткен. Қазіргі коммуникативтік тәжірибеде норма мен узусты зерттеудің адамдар арасындағы қарым-қатынаспен қатар қазақ тілінің көптілді қоғамдағы өміршендігін сақтау үшін қажеттілігін анықтаған. Зерттеу жұмысының маңыздылығы қорытындыларының нақтылығымен, ғылыми пайымдауларының тиянақтылығымен айқындалады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ тіл білімі, журналистика, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, әдістеме ғылымдарының әрі қарай дамуына ғылыми теориялық және практикалық жағынан үлесін қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертация мазмұнынан докторанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік талдау стилі анық байқалады. Академиялық жазу қағидалары мен ғылыми стильдің талаптары диссертацияда толық сақталған.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда мазмұнның ішкі бірлік қағидасы жақсы сақталған. Тақырыптың өзектілігі негізделген. Соның нәтижесінде диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығына қол жеткізген. Алынған нәтижелер өзара жүйелі байланыста сабақтастық қағидатын сақтаған. Норма мен узус мәселесінің қазақ тілінің коммуникативтік тәжірибесінде бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желі және қазіргі қазақ киносы тілінде отандық әлеуметтік лингвистика тұрғысынан алғаш кешенді түрде қарастырылуы, зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері жұмыстың өзектілігіне негіздеме бола алады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ж.А. Сарсенбайдың «Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативтік тәжірибе: норма және узус» тақырыбындағы диссертациясының мазмұны, әр тарауында қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толық айқындайды. Бірінші тарауда коммуникативтік тәжірибедегі норма мен узустың зерттелуін ғылыми тұрғыда саралап, бұқаралық ақпарат құралдарында жиі орын алатын қате қолданыстарды анықтаған. Екінші тарауда әлеуметтік желіден жинақталған қазақша мәтіндердің құрылымына, лексикалық, грамматикалық сипатына талдаулар жасап, ерекшеліктерін айқындаған. Зерттеу нәтижесі бойынша автор сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру үшін өзіндік ұсыныстарын, талап тілектерін ұсынған. Үшінші тарауда қазақ тіл білімінде әлеуметтік лингвистика тұрғысынан арнайы зерттеу нысанына алынбаған қазақ киносының тілін талдап, кино дискурсының прагматикалық әлеуетін тілдің басқа да прагматикалық құралдарымен кешенді байланыста қарастырған. Диссертация мазмұны белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант қазақ тілінің қазіргі коммуникативтік тәжірибесіндегі норма мен узусты

		<p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>саралауды және жүйе негізінде қалыптасқан норманың ауытқу себептерін анықтауды мақсат еткен. Зерттеу барысында алдына қойған міндеттерді мақсатқа сәйкес толық орындаған. Атап айтқанда, қазіргі қазақ тілінің коммуникативтік тәжірибесіндегі норма мен узус бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желідегі қазіргі сөйлеу тілі мен кино тілінің дискурстық ерекшеліктері, кинодағы вербалдық, бейвербалдық лебіз бен фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық норманың ерекшеліктері негізінде дәйектеліп, ғылыми-практикалық ұсынымдар жасалған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен өзара толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияның мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар. Автор қазақ тілінің коммуникативтік тәжірибесіндегі норма мен узусқа қатысты ұсынған жаңа шешімдерін дәлелдеп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып отырған. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өткен. Өзіндік тұжырымдар, тың пайым, сыни талдау бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Ж.А. Сарсенбайдың зерттеп отырған қазіргі қазақ тілінің коммуникативтік тәжірибесіндегі норма және узус тақырыбы отандық әлеуметтік лингвистика саласында алғаш қолға алынып отырған мәселе болғандықтан, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік толығымен жаңа деуге болады. Ізденуші тарапынан ұсынылған тұжырымдардың жаңашылдық сипаты мынадан көрінеді: тілдің әлеуметтік</p>

			<p>ортадағы қарым-қатынас құралы ретіндегі қолданысы коммуникативтік қырынан сараланып, тілдік норманың негізгі қағидалары, ерекшеліктері айқындалады; қазақ тіл білімінде әлі де басы ашыла қоймаған жүйе-норма-узус (сөз саптау кезінде адамның сөйлеу әрекетіне тән сөздер, қате қолданыстар, узустық қолданыстар, норманың нақты белгілері, қазіргі «сән» қолданыстардың дағдыға айналуы, узусты танудың нәтижесінде норманың қалыптасуы) ұғымдарының аражігі анықталады; қазақ мерзімді баспасөзінде қолданылған сөздердің нормасы мен узустық ерекшеліктері арнайы зерттеліп, норма мен узустың медиамәтіндегі берілу тетігі ұсынылады; отандық кино тіліне сараптамалық талдау жасалып, қазақ киносының тілі алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттеледі.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <i>толығымен жаңа</i>. Диссертациялық жұмыста норма мен узустың қазіргі коммуникация тәжірибесінде орын алу себептерін әлеуметтік лингвистиканың сөйлеу формалары бойынша айқындай отырып, нәтижесінде қарым-қатынастың ауызша түрінде ойлау мен ойды тіл арқылы жарыққа шығарудың бір уақытта жүзеге асуына байланысты узустық қолданыстарды пайдалану ықтималдығының жоғары болатындығын дәйектеуі; қазақ тілді әлеуметтік желідегі мәтіндер мазмұнын сараптау арқылы Facebook, Whatsapp желілеріндегі узустық қолданыстарды анықтауы; кино тілінде қолданылатын әр алуан әдеби лексикалық бірліктердің қабылдаушы топтың тілдік сипатын қалыптастырып, сөздік қоры мен құрамын толықтыратынын, сөйлеу тілі нормасының қазіргі киноларға қарағанда тарихи киноларда сақталғанын, қазіргі кино тілінде, керісінше, узустық қолданыстардың кездесетіндігін дәлелдеуі бойынша саралап зерделеген қорытындылары жаңа. Сонымен қатар кино тілінің фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық ерекшеліктері анықталып, ғылыми-</p>

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	практикалық ұсынымдар жасалған. Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және әлеуметтік қоғамдағы маңыздылығымен анықталады. Қазақ тілінің қазіргі коммуникативтік тәжірибесіндегі норма мен узусты зерттеу барысындағы тұжырымдары тәжірибелік жұмыс нәтижелерімен және осы нәтижелер бойынша шығарған ғылыми жарияланымдарымен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертант жасаған барлық қорытынды <i>ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген</i> . Диссертациялық жұмыста қарастырылған барлық мәселе автор тарапынан шынайы түрде тұжырымдалып, зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты салыстырмалы талдаулар негізінде дәйектеліп отырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар түрлі талдаулар мен сипаттаулар арқылы дәлелденген. 1 Медиакөністік – техногендік өркениет пен ақпараттық жаһандану жағдайында ақпараттың қозғалысы мен коммуникациялық байланыстардың шекарасы жойылған, аудиторияның әлемді қабылдауының идеологиялық, эмоционалдық, тіпті түпсаналық танымын қалыптастыратын, ақпараттар мен мәдени кодтар жасалатын, таратылатын және эстетикаланатын басты сандық экожүйе. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы норма мен узустық қолданыстар анықталады. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген. 2 Қазіргі коммуникация тәжірибесінде норма мен узустың орын алу себептері әлеуметтік лингвистиканың сөйлеу формалары бойынша айқындалады; қарым-қатынастың

- 1) ия;
- 2) жоқ

ауызша түрінде ойлау мен ойды тіл арқылы жарыққа шығару сәтінің бір уақытта жүзеге асырылуына байланысты узустық қолданыстарды пайдалану ықтималдығы жоғары екендігі анықталады.

- 7.1: дәлелденді;
- 7.2: тривиалды емес;
- 7.3: жаңа;
- 7.4: қолдану деңгейі кең;
- 7.5: мақалаларда дәлелденген.

3 Ақпараттық технологияның прогрессивті даму үрдісімен ерекшеленетін жаһандық платформалар аясында қазақ тілді әлеуметтік желі жүйесіндегі мәтін мазмұны сарапталды. Facebook, Whatsapp желілеріндегі узустық қолданыстар анықталады.

- 7.1: дәлелденді;
- 7.2: тривиалды емес;
- 7.3: жаңа;
- 7.4: қолдану деңгейі кең;
- 7.5: мақалаларда дәлелденген.

4. Кино – синтезделген өнер туындысы, ол экрандық шығарманы тарату құралы. Кино тілінің дискурстық ерекшелігі бар және зерттеу маңызды.

- 7.1: дәлелденді;
- 7.2: тривиалды емес;
- 7.3: жаңа;
- 7.4: қолдану деңгейі кең;
- 7.5: мақалаларда дәлелденген.

5. Кино тілінде қолданылатын әр алуан әдеби лексикалық бірліктер қабылдаушы топтың лексикасына әсер етіп, тілдік сипатын қалыптастырады, олардың сөздік қоры мен құрамын толықтырады. Тарихи киноларда қазіргі сөйлеу тілінің нормасы сақталған, ал қазіргі түсіріліп жүрген кино тілінен узустық қолданыстар кездеседі. Кинодағы вербалдық және

			<p>бейвербалдық лебіздердің ерекшеліктері мол.</p> <p>7.1: дәлелденді;</p> <p>7.2: тривиалды емес;</p> <p>7.3: жаңа;</p> <p>7.4: қолдану деңгейі кең;</p> <p>7.5: мақалаларда дәлелденген.</p> <p>6. Кинодағы фонематикалық, интонологиялық, акцентологиялық норманың ерекшеліктері анықталып, ғылыми-практикалық ұсынымдар жасалады.</p> <p>7.1: дәлелденді;</p> <p>7.2: тривиалды емес;</p> <p>7.3: жаңа;</p> <p>7.4: қолдану деңгейі кең;</p> <p>7.5: мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда дәйектілік қағидаты сақталған. Тақырыпқа қатысты дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде басшылыққа алынған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген зерттеу әдістері жұмыстың мақсаты мен тақырыптық ерекшелігіне негізделген және зерттеу барысында тиімді қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, оның қорытындысы арнайы мақала ретінде жарық көрді.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми пікірлерге сүйене отырып дәлелденген. Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, түрлі үлгілер мен мәселелер арасындағы байланыс 200-ге жуық тілдік бірліктің эксперименттік зерттеуімен дәйектелген. Ізденуші зерттеу жұмысының нәтижелерін халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда жариялаған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста 135 әдебиет қолданылған және барлық әдебиетке ұсынылған сілтемелер талапқа сай рәсімделген.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін әдеби тіл нормасы мен нормадан ауытқу құбылыстарын саралап, норма мен узустың аражігін анықтауда және әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелерін теориялық тұрғыдан тұжырымдап, қазақ тілі негізінде дәйектеуде қолдануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді арнайы сөз қателері, қате қолданыстар, узустық қолданыстар, қазіргі коммуникативтік сөз жұмсалымдары сөздігін жасауда, тілашар құрастыру жұмысында, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарының филология және журналистика мамандықтарында оқытылатын таңдау пәндерінде көмекші құрал ретінде</p>

			пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері филология, журналистика мамандықтары бойынша оқылатын пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i> . Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай және объективті түрде жазылған. Ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолданған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек.

«Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма және узус» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Сарсенбай Жанат Асылханқызы «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры м.а.,
филология ғылымдарының докторы



Signature

Г.О. Сыздықова